

## Сайтқа ақпарат

2022 жылғы 16 наурызда Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының "Кітапханатану және библиография" кафедрасының дуалды білім беру жүйесі аясында Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті орыс бөлімінің 2 және 3 курс студенттері үшін кітапханашы, т. ғ. к. Кривков Андрей Леонидович "Қазақ КСР-індегі кітапхана ісі және Ұлттық кітапхананың қалыптасуы (1918-1931 жж.)" тақырыбында шеберлік сыныбын өткізді. Студенттер қызықты және пайдалы ақпаратты тыңдап, сол кезеңдегі кітапханалардың тарихынан көптеген мәліметтер алды. XX ғасырдың 20-30-шы жылдары кеңестік Қазақстанның көпшілік кітапханаларын дамыту Тұжырымдамасы баяндалды. Қазақ КСР Халық ағарту комиссариатының құрылуы мен қызметі, кітапхана ісі саласындағы алғашқы заңнамалық актілерді әзірлеу және қабылдау, Қызылорда қаласындағы Орталық аймақтық кітапхананың жұмысы және Алматы қаласындағы Мемлекеттік көпшілік кітапхананың құрылу кезеңдері туралы айтылды.